



ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР!

Біз сіздерді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіне оқуға шақырамыз!

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті 2011 жылы бұрынғы 1985 жылы ашылған шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті негізінде құрылды. Факультет тарихы біздің университетіміздің шұғылалы тарихының бір бөлігі болып табылады.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті білім беру саласында әлемнің 100-ден аса елдерімен тығыз қарым-қатынас жасайды. Қазірге дейін 7000-нан аса шетел азаматтары және 1000-нан аса еліміздің азаматтары оқып шықты. Қазіргі кезеңде факультет өзінің халықаралық байланысын жетілдіре отырып, сенімді түрде әлемдік білім беру кеңістігіне енуде.

Біздің факультеттің түлектері өздерін оқытқан оқытушылармен байланыстарын үзбей, олармен қимас достарға айналады. Шетелдік азаматтар өмірге жолдама берген өз факультеттерін үнемі ерекше жылы сезіммен еске алады.



Жоғары оқу орнына
дейінгі білім беру
факультетінің деканы

**ЖАППАСОВ
ЖАРЫЛҚАСЫН
ЕРКІНҰЛЫ**



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ ДАЙЫНДЫҚ КАФЕДРАСЫ:

1. Қазақ диаспорасы тыңдаушыларына арналған дайындық бөлімі (Оқытылатын пәндер: математикалық сауаттылық, қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы, қазақ тілі/әдебиеті, орыс тілі/әдебиеті, математика, физика, химия, биология, дүниежүзі тарихы, география, ағылшын тілі)

2. Ауғанстан Ислам Республикасы тыңдаушыларына арналған дайындық бөлімі (Оқытылатын пәндер: оқу сауаттылығы (қазақ тілі), математика, орыс тілі, қазақстан тарихы, ағылшын тілі)

ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ДАЙЫНДЫҒЫ КАФЕДРАСЫ:

Кафедраның негізгі бағыты оқу мақсатына қарай шетелдіктерге тілдік және жалпы білім беру. Тілдік дайындық мынадай топтарға бөлініп жүргізіледі.

- 1) ЖОО-на түспейтін бастауыш деңгей үшін (A1-A2);
- 2) ЖОО-на түсетін жалғастырушы деңгей үшін (B1-B2);
- 3) ЖОО-на түспейтін жалғастырушы деңгей үшін (B1-B2);

КОЛЛЕДЖ:

Колледждің білім беру саласында кредиттік жүйе негізінде төмендегі мамандықтар оқытылады:

1. 04210100 – Құқықтану
2. 04120100 – Банк және сақтандыру ісі
3. 02310100 – Аударма ісі (түрлері бойынша)
4. 04110100 – Есеп және аудит
5. 06130100 – Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)
6. 06130100 – Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ ДАЙЫНДЫҚ КАФЕДРАСЫ:

Бағыттары:

1. Жаратылыстану-математикалық (Әдістемелік бірлестік: 1. Математика және физика; 2. География және информатика).

2. Химия-биологиялық (Әдістемелік бірлестік: Химия және биология).

3. Қоғамдық-гуманитарлық (Әдістемелік бірлестік: 1. Филология және әдебиет; 2. Құқық тарихы мен негіздері).



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШ – ТҮЛЕКТЕРІМІЗ!



Біләл Қуаныш
«Qamshy.kz» ақпараттық агенттігінің директоры



Ұшқын Жамалбек
Әнші, сазгер



Жақсылық Қазымұрат
Ақын, журналист, «Жұлдыздар отбасы» журналының
бас редакторы



Асқар Әкімбек
Алматы технологиялық университеті тәрбие
департаментінің басшысы



Аршын Қуандық
«Attila Group» компаниясының директоры



ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН ДАЙЫНДЫҚ КУРСЫ

ЦҚұрметті қандастар және жоғары оқу орындарына қайта дайындықтан өтетін талапкерлер!

Егер сіз Ұлттық бірыңғай тестілеуде жоғары балл жинап, Қазақстандағы ең жоғары дәрежелі оқу орнының студенті атанғыңыз келсе, онда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіне келіңіз.

Оқу мерзімі — 9 ай (қазан-маусым) Дәрістер қазан айынан басталады. Оқытылатын пәндер: математикалық сауаттылық, қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы, қазақ тілі/әдебиеті, орыс тілі/әдебиеті, математика, физика, химия, биология, дүниежүзі тарихы, география, ағылшын тілі.

Сондай-ақ, ЖОО-ға түсетін шетелдік тыңдаушыларға арналған тілдік және білім білім беру бағдарламалары бар. Білім беру бағдарламасында 2021-2022 оқу жылында ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы, шетелдік азаматтар үшін орыс және ағылшын тілдерінде дайындық курсын іске асыруды жоспарлап отыр.

Тыңдаушылар жатақханамен және шәкіртақымен қамтамасыз етіледі.

Тыңдаушыларға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кітапханасы сапалы қызмет көрсетуге даяр. Тыңдаушылар үшін «Керемет» денсаулық сақтау орталығы жұмыс істейді.

Оқу барысында тыңдаушылардың даярлық деңгейін анықтау мақсатында байқау тестері өткізіледі. Оқу екі семестрден (күзгі және көктемгі) тұрады.

Оқу сабақтарын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тәжірбиелі ұстаздары жүргізеді.

Оқу мерзімі 01.10.2021 ж. — 30.06.2022.





ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛІНЕН КУРСТАР

СІЗ НЕНІ БІЛІП ШЫҒАСЫЗ

Оқудың бірінші жылында сіз практикалық қазақ және орыс тілдері, тілге бейімделу, аудиовизуалды курс, елтану, Қазақстан тарихы мен мәдениеті курстарын оқи отырып қазақ және орыс тілдерінің грамматикасы бойынша базалық білім алып шығасыз.

Оқудың екінші жылы қазақ және орыс тілдерінің практикалық курсынан басқа сізге «БАҚ тілі», «Мәдениетаралық коммуникация», «Ғылыми стиль» сияқты пәндер ұсынылады.

СІЗГЕ ҚАНША УАҚЫТ ҚАЖЕТ

- Сізге Foundation деңгейінде тілді меңгеру үшін бір-ақ жыл қажет (A1-A2, A2-B1).
- Сізге университетке түсу үшін екі жыл уақыт жетеді (A2-B1, B1-B2).

СІЗДІҢ ЖҰМЫСЫҢЫЗДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Аударма түрлері (ауызша, жазбаша, әдеби, техникалық, әскери, ғылыми және т.б.); халықаралық келісімдерді, конференцияларды және басқа іс-шараларды ұйымдастырып жүргізу; сараптама- анықтамалық- кеңестік-қызмет көрсету; редакциялық және баспа қызметтерін көрсету; аударма және мәдениаралық қарым-қатынас саласындағы зерттеу жобалары.





КӘСІПТІК ОРТА БІЛІМ

Мүмкіндіктеріміз:

- Мемлекеттік үлгідегі диплом;
- Материалдық-техникалық қорымен жабдықталған;
- Шығармашылық қабілеттерді дамыту мүмкіндіктері (студенттік конференцияларға қатысу, КТК, дебаттарда, спортпен шұғылдану және т.б.);
- Колледж түлектеріне әл-Фараби атындағы ҚазҰУ факультеттерінде жақын мамандықтары бойынша оқытудың жеделдетілген бағдарламалары;
- Оқу үздіктеріне оқу ақысы бойынша жеңілдіктер қарастырылған.

Мамандықтар

№	Шифр	Бағыт атауы және кадрларды даярлау	Оқу мерзімі
1	04210100 4s04210101	Құқықтану Заңгер	2 ж. 10 ай
2	04120100 4s04120101	Банк және сақтандыру ісі Банк операциялары жөніндегі менеджер	2 ж. 10 ай
3	02310100 4s02310101	Аударма ісі (түрлері бойынша) Аудармашы	2 ж. 10 ай
4	04110100 4s04110102	Есеп және аудит Есепші	2 ж. 10 ай
5	06130100 4s06130105	Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) Ақпараттық жүйелер технигі	2 ж. 10 ай
6	06130100 4s06130103	Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуші	2 ж. 10 ай





УНИВЕРСИТЕТ ЖАНЫНДАҒЫ МЕКТЕП

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бейіндік мектебі - оқытудың дифференциалды әдістерін, математика, физика, химия, биология, гуманитарлық пәндер бойынша тереңдетілген білім беру курстарын қолдана отырып даярландыру. Бейіндік мектеп қызығушылықтарды қалыптастырады және оқушыларды ғылыми-зерттеу қызметімен таныстырады. Біздің мұғалімдер балаларға өздерінің білімі мен тәжірибесін ғана емес, сонымен бірге жаны мен жүрегінің бір бөлігін береді.

ҚазҰУ-дың бейіндік мектебінде оқудың артықшылығы:

- Оқытушылар құрамымен бірлескен жұмыс, ҚазҰУ ғылыми институттарымен және орталықтарымен серіктестік;
- Университеттің материалдық-техникалық базасы мен инфрақұрылымын пайдалану;
- ҚазҰУ-дың ғылыми-практикалық конференцияларына қатысу, кейіннен университет жинақтарында және басқа ғылыми басылымдарда жариялану;
- ҚазҰУ-ға түсу кезінде бейіндік мектеп түлектеріне жеңілдіктер.

Мектепте оқыту қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Бейіндік мектепке қабылдау тәртібі:

- 8-11 сынып оқушыларын мектепке қабылдау жүріп жатыр.
 - Тестілеу 8-11 сынып оқушылары үшін математика және оқыту тілі (қазақ немесе орыс) бойынша тестілік тапсырмалар түрінде өткізіледі.
- Біздің бейіндік мектепте кез-келген даралыққа орын бар және біз әр оқушыға жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береміз.
- Сабақ кестесінде - түрік тілі, шахмат, хореография, домбыра және риторика сабақтары бар.





ФАКУЛЬТЕТІМІЗ ЖАЙЛЫ ПІКІРЛЕР



Қытай мемлекетінен өзімнің Отаным, ата-бабамның кіндік қаны тамған қасиетті атамекенім-Қазақ еліне оралдым. Биылғы 2020-2021 оқу жылында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасына оқуға түстім. Өзім қытайша білім алсам да, Қазақстанға келген соң аяулы, қамқор ұстаздардың арқасында қазақ тілін тез игеріп, ұстаздардың шынайы ниетімен білім беруінің арқасында сабақтарды толық ұғынып, білімімді шыңдадым. Оқытушыларымыз білімді де білікті мамандар болды. Бірінші -Алла, екінші - ата-анам, үшінші -мұғалімдердің арқасында ҰБТ-дан 123- балл алып тамаша нәтижеге жеттім. Сондықтан мен осы жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының ұстаздарына шын жүрегімнен көп-көп рахмет айтамын.

Және оқушыларды ғылыми-зерттеу қызметімен таныстырады. Біздің мұғалімдер балаларға өздерінің білімі мен тәжірибесін ғана емес, сонымен бірге жаны мен жүрегінің бір бөлігін береді.

Тоқтасын Гүлім

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық бөлімінің тыңдаушысы



Менің атым Джессика. Мен Оңтүстік Африкаданмын. Мен ҚазҰУ-да жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде бір жыл қазақ тілін оқыдым. Басында, қазақша үйрену қиын болды, себебі қазақша мен ағылшынша ұқсамайды. Бірақ қазір мен қазақша сөйлей аламын! Менің мұғалімдерім өте жақсы, еңбекқор және шыдамды болды. Сол үшін мен өте ризамын. Қазақтар менің қазақша сөйлегенімді көргенде әрқашан таңғалды.

Жессика Эстер Ривьера

Шетелдіктерге арналған тілдік курсының тыңдаушысы



СТУДЕНТТІК ӨМІР

Факультетте Студенттік кеңес, Студенттік маслихат сияқты студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдары қызмет көрсетеді және көптеген клубтар мен үйірмелер бар. Басқа қалалардан келген тыңдаушылар жатақханамен қамтамасыз етіледі.





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті білім беру саласында әлемнің 100-ден аса елдерімен тығыз қарым-қатынас жасайды.

Серіктес университеттер

- 1) Цинхуа университеті (Қытай)
- 2) Бейжиң тіл және мәдениет университеті (Қытай)
- 3) Ланьчжоу университеті (Қытай)
- 4) Астана педагогикалық университеті (Қытай)
- 5) Оңтүстік орталық ұлттар университеті (Қытай)
- 6) Хэннань университеті (Қытай)
- 7) Цзянсу университеті (Қытай)
- 8) Бейжиң шет тілдер университеті (Қытай)
- 9) Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университеті (Ресей)
- 10) Ломносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (Ресей)
- 11) Санкт-Петербург мемлекеттік университеті (Ресей)
- 12) Харьков ұлттық көлік және автомобиль жолдары университеті (Украина)
- 13) Ханкук университеті (Корея)
- 14) Алламах Табатабай университеті (Иран)
- 15) Томск мемлекеттік университеті (Ресей)
- 16) Бельгия білім орталығы (Бельгия)
- 17) Джордтаун университеті (АҚШ)
- 18) Кабул университеті (Ауғанстан)
- 19) Цукуба университеті (Жапония)
- 20) Токио университеті (Жапония)
- 21) М.Т.Ибрагимова атындағы Кара-Балта техникалық-экономикалық колледжі (Қырғызстан)
- 22) М.Рысқұлбекова атындағы Қырғыз экономикалық университеті (Қырғызстан)





ФАКУЛЬТЕТ ЖЕТИСТІКТЕРІ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ – ел және шетел азаматтарына жоғары оқу орнына дейінгі білім берудің бірегей орталығы. Факультетте кәсіби тәжірибесі жоғары білікті педагог-мамандар сабақ береді. Бұл оқу ордасында кез-келген даралыққа орын бар және біз әр азаматқа жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береміз.

Факультет 2001 жылдан бері екі президенттік бағдарламаны жүзеге асыруда. 2001 жылдан бері 2000-нан аса шетелдік қазақ диаспорасының өкілдерінен тұратын тыңдаушылар тобы ҚР ЖОО түсу үшін дайындықтан өтті. 2010 жылдан бастап АИР-дан келген 875 тыңдаушы ҚР ЖОО мен колледждерінде оқу үшін қазақ және орыс тілдерін үйреніп, білім алып шықты. Сондай-ақ факультетте ұлттық бірыңғай тестке дайындау (ҰБТ) жұмысы жүргізілуде.

Қазақстан Республикасындағы саяси және экономикалық жағдайдың тұрақтылығы, ұлттар мен ұлыстардың өзара татулығы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылығы тарапынан студенттердің жақсы оқуы мен өмір сүруі үшін жасалған жағдайлар, ең бастысы оқу сапасы, шетелдік студенттердің біздің факультетімізге келіп оқуына ықпал етеді. Олардың ішінде алыс-жақын шетелдерден келген қазақ диаспорасының өкілдері, жоғары оқу орындары аралық ауысымымен келіп оқитын шетелдік студенттер, халықаралық ұйымдар, елшіліктердің және компаниялардың тыңдаушылары, сондай-ақ университетке дейінгі білім алатын ел азаматтары бар.

Қазіргі таңда факультет түлектері шетелдің Қазақстандағы елшіліктерінде, орта және жоғары білім беру, ғылым және мәдениет мекемелерінде, мемлекеттік қызмет пен бизнес құрылымдарында абыроймен қызмет атқарып жүр.





ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

